

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 4952/1 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 наурызда № 5421 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 22 мамырдағы № 7753 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 22.05.2017 № 7753 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Кодексіне сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары **К. Ансатбаевқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Нәлібаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қызылорда қалалық

мәслихатының хатшысы

_____ *И.Құттықожаев*

19 ақпан 2016 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің

2016 жылғы 19 ақпандағы

№ 4952/1 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Денсаулық сақтау саласындағы мамандар лауазымдары:

1) Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы, орынбасары, экономикалық, қаржылық және әкімшілік шаруашылық мәселелері бойынша басшы орынбасарын қоспағанда;

2) құрылымдық бөлімшелер бөлімшесінің басшысы;

3) дәріхана (дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің) меңгерушісі;

4) мамандар оның ішінде: барлық мамандықтағы дәрігерлер, фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), мейіргер, тіс дәрігері (дантист), тіс технигі (тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің зертханашысы), стоматолог дәрігердің көмекшісі (стоматологтың ассистенті), рентген зертханашысы, фармацевт, емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы, диеталық мейіргер.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдары:

1) Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы, орынбасары, экономикалық, қаржылық және әкімшілік шаруашылық мәселелері бойынша басшы орынбасарын қоспағанда;

2) құрылымдық бөлімше меңгерушісі;

3) мамандар, оның ішінде: жүзу жөніндегі нұсқаушы, еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, медициналық – әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) әдіскері, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы, зейнетақы мен жәрдемақыны төлеу жөніндегі ұйымның маманы, сарапшы, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

3. Білім беру саласындағы мамандар лауазымдары:

1) Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы, орынбасары, экономикалық, қаржылық және әкімшілік шаруашылық мәселелері бойынша басшы орынбасарын қоспағанда;

2) мамандар, оның ішінде барлық мамандықтағы мұғалімдер, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, ұйымдастырушы – педагог, қосымша білім беру педагогы, музыкалық жетекші (негізі қызметтер), аккомпаниатор (негізі қызметтер), тәрбиеші (интернат), кітапханашы, диеталық мейіргер, мейіргер, әдістемеші, лектор-музыкатанушы, психолог, хореограф, хормейстер.

4. Мәдениет саласындағы мамандар лауазымдары:

1) Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы, орынбасары, экономикалық, қаржылық және әкімшілік шаруашылық мәселелері бойынша басшы орынбасарын қоспағанда;

2) Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын көркемдік жетекшісі, бас:

редактор, режиссер, балетмейстер, дирижер, хормейстер, суретші;

3) Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын тобының бөлімінің
б а с ш ы с ы ;

4) Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын әдеби-драмалық бөлім, режиссерлық, музыкалық бөлім, көркемдік қойылым бөлімі, концерттік зал, әдістемелік кабинет, кітапхана меңгерушісі (басшысы) және сектор басшысы;

5) Мәдениет, мәдениет және өнер саласындағы мамандар, оның ішінде аккомпаниатор, аккомпаниатор – концертмейстер, барлық атаудағы әртістері, музейлер қорын есепке алу архивісті, археограф (негізгі қызметтер), балетмейстер, библиограф, кітапханашы, дирижер, дыбыс режиссері, барлық атаудағы инженер (негізгі қызметтер), кинорежиссер, мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), лектор – музыкатанушы, мастер (негізгі қызметтер), барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), музыкалық жетекші, палеограф, режиссер, қоюшы-режиссер, вокал, балет бойынша репетитор, хормейстер, қор сақтаушы, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер), экскурсовод, аспаптарды реттеуші – күйіне келтіруші;

6) Тілдерді дамыту саласындағы мамандар, оның ішінде қазақ, орыс,
а ғ ы л ш ы н т і л д е р м ұ ғ а л і м і ;

7) Архив ісі және құжаттама саласындағы мамандар, оның ішінде архивист,
а р х е о г р а ф , п а л е о г р а ф ;

8) Дін қызметі саласындағы мамандар, оның ішінде дінтанушы;

5. Спорт саласындағы мамандар лауазымдары:

1) Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы, орынбасары, экономикалық, қаржылық және әкімшілік шаруашылық мәселелері бойынша
б а с ш ы о р ы н б а с а р ы н қ о с п а ғ а н д а ;

2) Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын бөлім басшысы;

3) мамандар, оның ішінде: жаттықтырушы, нұсқаушы-спортшы,

6. Ветеринария саласындағы мамандар лауазымдары:

1) Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы, орынбасары, экономикалық, қаржылық және әкімшілік шаруашылық мәселелері бойынша
б а с ш ы о р ы н б а с а р ы н қ о с п а ғ а н д а ;

2) Мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын ветеринарлық станцияның
б а с ш ы с ы ;

3) мамандар, оның ішінде; ветеринарлық дәрігер, ветеринарлық фельдшер, жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі техник.